

№40
(7777)

8 қазан,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930

жылдың

қараша айынан

бастап шығады.

ҰСТАЗДАР МЕРЕКЕСІ АЛҒЫС ПЕН МАРАПАТҚА ҰЛАСТЫ

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ ЖОЛЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҰСТАЗДАР МЕРЕКЕСІ АУДАНЫМЫЗДА ЖЫЛ САЙЫН АЙРЫҚША АТАЛЫП КЕЛЕДІ. АЙТУЛЫ МЕРЕКЕ БИЫЛДА ҰРПАҚҚА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРЫП ЖҮРГЕН БАРША ҰСТАЗДАРДЫҢ БАСЫН ҚОСТЫ.

Аудандық мәдениет үйінде өткен ауқымды іс-шара жылдағыдан ерекше тойланды. Аудандық мәдениет үйінің фойесінде ұстаздарға мерекелік үстел жайылып, «Өлке сазы» ансамблі ұстаздардың құрметіне күмбірлеген күй мен өүезді өндерін тарту етті. Салтанатты шараға білім саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздар арнайы шақырылып, мерекелік көштің төрінен орын алды. Одан кейін мерекелік шараға жиылған ұстаздарға сый-құрмет көрсетіліп, гүл шоқтары тартылды. Айтулы шара үстінде барша ұстаздар қауымын төл мерекелерімен құттықтау үшін алғашқы сөз кезегін алған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы «Құрметті ұстаздар, қадірменді ардагер-



тарыңыз мол болып, биіктен көріне берулеріңізге тілектеспін.», - деп мерекелік тілегін білдіре отырып, білім саласының дамуына сүбелі үлестерін қосып, нәтижелі жұмыс жасап жатқан педогогтарға

кәсіподағы комитетінің төрайымы Гүлмира Избағамбетова да барша ұстаздарға ыстық тілегін білдіріп, облыстық білім басқармасының және аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының алғыс хат-



леріміз көптеген жылдар бойы осы салада еңбек етіп тер төгіп жүрген барша ұстаздар бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Сіздердің елімізге қосып жатқан үлестеріңіз өте көп. Аудандағы өртүрлі қоғамдық жұмыспен бірге басқа да іс-шараларды қоса атқарып жүрген ұстаздар күш-жігерлеріңіз таусылмасын. Алдағы уақытта табыс-

облыстық білім басқармасының алғыс хаттарын табыстады. Келесі кезекте аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Серік Меруенов ауданның білім көрсеткішін жоғары деңгейге жеткізіп, әрқайсысы өзіндік үлестерін қосып отырған ұстаздар қауымын құттықтап, бірқатар ұстаздарға аудан әкімінің алғыс хатын табыстаса, аудандық білім және қызметкерлері

тарымен марапаттады. «Ұстаздар мәртебесін көтеру керек», - деп Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай ұстаздар күні шексіз алғыс пен марапатқа ұласты. Шара соңында аудан өнерпаздары арнайы концерттік бағдарламасын ұсынды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ТҰРҒЫНДАР ТАРАПЫНАН БІР ҚАТАР МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАПТЫ

Жуырда аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Ойыл селолық әкімшілігінде аудан тұрғындарын алаңдатқан мәселелері бойынша жеке қабылдау жұмысын жүргізді. Қабылдауға ауданымыздың біршама тұрғындары түрлі мәселелері бойынша келді. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы қабылдау барысында азаматтардың сұрақтарымен өтініштерін байыппен тыңдап, әр мәселеге тоқталып, азаматтардың кейбір өтініштері бойынша мекеме басшыларына сөз кезегін беріп, олардан жауап беруін талап етті. Аудан әкімінің нұсқауымен мекеме басшылары азаматтардың көкейінде жүрген сұрақтары мен арыз-шағымдарына өз деңгейлерінде жауап берді. Қабылдауда тұрғындардың өтініштерінің ішінде мекеме басшыларының берген жауаптарының негізінде шешімін тауып, оң нәтижесін берген сұрақтарда болды. Кейбір шешімі табылмаған мәселелер бойынша мемлекеттік заңдылықтарына сүйене отырып, жеке бақы-



лауына алып күн төртінде мекеме басшыларымен бірге қарайтындығын жеткізді.

Р.С.
Келесі күні Республика көлемінде «Nur Otan» партиясы төрағаларының жергілікті тұрғындарды қабылдау күніне орай

аудан әкімі, «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалының төрағасы Асқар Қазыбаев аудан тұрғындарына жеке қабылдау күнін өткізді.

Асел СИСЕНОВА,
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

«ҚАРТТАРЫМ АСЫЛ-ҚАЗЫНАМ»

Өткен аптада «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» атындағы мәдениет және демалыс орталығында дария ақсақалдарымыз бен ақ жаулықты әжелерімізге арналып «Қарттарым асыл-қазынам» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.



Айтулы шара ауданымызға үлгілі, өнегелі «Әсем» би ансамблінің биімен ашылды. Мерекелік дастархан басында қарттарға шексіз құрмет көрсетілді. Алғаш болып құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімі Асқар Қазыбаев қарттарымызға дендеріне саулық, отбасыларына амандық, ұзақ ғұмыр тілеп, «біздің ашық аспан астында бейбітшілікте тату-тәтті өмір сүріп жатқанымыз осы дана қарияларымыздың арқасында» деп өй түйіндеді. Мерекелік дастархан өрі қарай қарттарымыздың жылы лебіз, ақ тілектерімен жалғасты. Ғұсман Жұмбергенов, Қазбек Нұрымгереев келешек ұрпаққа, бейбітшілікке тек жақсылық, бейбіт ғұмыр кешуді тілесе, ақ жаулықты әкеміз Шайзада Қлипанова қарттарға құрмет көрсе-

тіп, ел үшін абыройлы еңбек етіп жатқан жергілікті билік өкілдеріне шексіз алғысын айтты. Әрі қарай әр үстел басына жайғасқан көнекөз қарттарымыз «Келешек ұрпақтарымыз дендері сау, еш қиыншылық көрмей тату-тәтті өмір сүрсін, біздің жолымызды қусын», - деп керемет тілектерін жолдады. Ал, қарттарымызға арнап ауданымыздың өнерпаздары мерекелік дастарханды әсем өнмен өрлеп, мың бұралған бишілеріміз өз өнерлерін тарту етті. Аудандық «Серілер» тобы мен «Өлке сазы» ансамблі қоңыр үнді домбырамен қарттарымыздың өз заманындағы ескі өндерін қосыла шырқап қам көңілдерін бір сергіте қуанып тастады. Шара соңында барлық қарттарымызға аудан әкімдігі атынан мерекелік сыйлықтар тартылды.

Асел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.



3 ҚАЗАН «ДҮНИЕЖҮЗІЛІК» МЕКЕНДЕУ ОРЫНЫН ҚОРҒАУ КҮНІ

ҚАЗАН АЙЫ «ҚАРТТАР КҮНІМЕН» БАСТАЛЫП, «ҰСТАЗДАР КҮНІМЕН» ҰШТАСЫП, «МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР КҮНІ ДЕ» АТАЛЫП ӨТЕТІНІ БАРШАҒА МӘЛІМ. АЛАЙДА 3 ҚАЗАН «ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МЕКЕНДЕУ ОРЫНЫН ҚОРҒАУ КҮНІ» ЕКЕНІН БІРІМІЗ БІЛСЕК БІРІМІЗ БІЛМЕЙТІНІМІЗ ЖАСАУЫН ЕМЕС. БИЫЛ «ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МЕКЕНДЕУ ОРЫНЫН ҚОРҒАУ КҮНІ» РЕСПУБЛИКА ДЕНГЕЙІНДЕ АТАЛЫП ӨТТІ. ӨЗІМІЗ ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА БІЛІМ БЕРУ ОШАҚТАРЫНДА «ЭКОСАФАТТАР МЕН ТАЛ ЕГУ» СЫНДЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

адамның міндеті екендігін баса айттып, барша оқушыларды еліміздің гүлденіп, өсіп өркендеу жолында абыройлы қызмет етуге шақырды. Ал, жер ананы аластаймы, оны қорғау үшін бастауыш класс оқушыларына осы бастан ой тастау мақсатында айтулы мектептің жоғары класс оқушылары ұстаздарымен бірге



Сол күні осындай шаралардың бірі Ойыл қазақ орта мектебінде де кең көлемде жүзеге асырылды. Акция аясында экологиялық сағаттар өткізіліп, мектеп ауласына тал көшеттері отырғызылды. Айтулы шараға облыс орталығынан арнайы келген Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері

Нұрлыгүл Жалғасқызы, аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы және аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Серік Меруенов қатысып, «Тал егу» акциясында оқушылармен бірге ат салысты. Шараның ашылу салтанатында аудан әкімі Асқар Қазыбаев киелі жерімізді қорғап, аялау әрбір

театрланған көріністер қойды. Шара соңында Ескендір Хасанғалиннің «Жасыл жайлау» өлеңін орындарынан тұрып қосыла шырқаған Ойыл қазақ орта мектебі ұжымы табиғатқа жанашыр екендіктерін көрсетті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ЭЛЕКТРОНДЫ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ НӘТИЖЕСІ МОЛ

Сот жүйесі қоғамдағы тұрақтылықтың, құқық үстемдігінің, қоғам мен мемлекет мүдделерін бұлжытпай сақтаудың, қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепілі. Осы орайда Қазақстандағы электрондық сот ісін жүргізудің тұжырымдамасын өзірлеп, соттағы барлық іс жүргізу процестері ашық және айқын болу мақсатында сот электрондық сот төрелігі ақпараттық сервисі іске қосылған болатын. Осы аталған ақпараттық сервис Қазақстан Республикасындағы сот реформасын одан әрі ілгерілетуге, сот төрелігінің сапасы мен тиімділігін арттыруға, сот жүйесінің ашықтығы мен айқындығына қол жеткізуге, демократиялық, құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуін қамтамасыз етудің міндетті шарттары ретінде, соттардың дербестігінің және судьялардың тәуелсіздіктерінің кепілдігін күшейтетіні сөзсіз.

Ата Заңымыз Қазақстан Республикасының Конституциясында ең қымбат қазына адам, оның құқықтары мен бостандықтары екендігі айтылған, олардан ешкім айыра алмайды, Қазақстан Республикасы

Конституциясының дәл осы ережелері кез-келген заңнамалық жаңа енгізілімнің, соның ішінде электрондық сот төрелігінің тұжырымдамасын заңнамалық тұрғыда бекітудің шығар нүктесі болып табылады. Сонымен қатар қазіргі уақытта сот жүйесіне көптеген жаңа ақпараттар енгізіліп Қазақстандағы барлық соттар жаңа технологиялармен жабдықталған. Осы жаңашылдықтар негізінде талап-арыздарды қағазда емес, электронды түрде беруге болады. Виртуалды өтініштер электрондық үкіметтің сайты арқылы жіберіледі. Талапкерлер жүйеге тіркеліп, e-gov.kz сайтында жеке кабинет ашады. Содан кейін қолданушы өзі туралы қажетті ақпаратты енгізеді, қажетті бөлімді таңдайды, файлдарды жүктейді де оларды сотқа жібереді. Бұл жасалып жатқан игі істер халық қамы үшін екені барша-мызға мәлім. Бүгінгі таңда электронды төреліктің артықшылықтары барлығы үшін неғұрлым анық. Біріншіден, бұл олардың көбі бір емес, бірнеше рет сот кеңсесі арқылы сол немесе басқа құжаттарды беру үшін, не болмаса құжаттарды поштамен жіберу үшін жүздеген шақырымдарды

жүріп өту керек болатын. Сөйкесінше, бұл пошта шығындарынан үнемдеуге, сот процесіндегі адамдық фактордың рөлін төмендетуге, оның тиімділігін арттыруға, өркениетті өлемде қабылданған стандарттарға қосауа мүмкіндік береді. Екіншіден, процесс қатысушылардың – абоненттердің нөмірлері, жіберілген хабарламаның мәтіні, сонымен бірге жеткізілгендігі туралы мәлімет іс материалдарына қоса тіркеледі.

Біздің заманауи заңнамалық реттеу мен оны қолдану тәжірибесі бойынша сот ісін жүргізу, демократиялық құқықтық жүйесі дамыған елдердің сот төрелігіне тән көптеген белгілерге ие деп ойлаймын.

Ж.МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының
аға сот приставы.

Газетке жазылу - 2019

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы
2020 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2377,25
66525	Заңды тұлғаларға	4057,25
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	1897,25

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

«Күз кереметі»

Міне, күз кіргелі күн қысқарып, түн ұзарды. Күн сирек көрініп, аз жылы-тады. Аспаннан бұлттар қаптап, сіркіреп жаңбыр да жауып тұр. Анда-санда таңертең салқын болып қояды. Өткір суық жел арық малды, жұқа киімдіні тоңдыра бастайды. Жұрт күземін алған, киізін де басып алады. Құстар да жылы жаққа ұша бастайды. Аспанда тырнарларда тізіліп ұшып жүр. Ағаштардың жапырақтары сарғайып түсіп, шөптер де қурап қалған. Егіншілер астығын жинап алып, қызығын көреді.

Сары жапырақ, қоңыр салқын ауа-райы, жабырқаулы көңіл-күй, қара суық жел күзге төн қасиет. Мектепке асыққан бала, қоймасын астыққа толтырған диқаншы, қыс азығын жинаған шаруа, еңбекпен біте қай-

насқан тірлік күз мезгіліндегі қызықты жайттар.

Бір жылда төрт мезгіл бар. Осы төрт мезгілдің әр мезгілінің өзіне тән қасиеті бар. Бірі жаныңа жылулық сыйласа, бірі қайтып туған жау-қазындай бүршік атып жатады. Бірі айналаны ақ мамыққа бөлеп, терезеге салған өрнегімен таң қалдырса, енді бірі суығына үйретіп те үлгереді. Осы төрт мезгілдің ішіндегі ең кереметі менің жаныма жақыны да осы күз мезгілі деуге болады. Күздің кереметі сағынышқа толы жүректі жұлып алып, еуеде еуелетіп ән салдыртып, көңілді күңгірентсе де ішкі жан дүниеге шынайы бір сезім сыйлайтындай. Мен үшін күзді сүю деген сағынышты аңсаумен пара-пар. Күз мезгілі адамның көңіл-күйі

сеکیلді құбылмалы болады.

Табиғат құбылыстары және жыл-дың төрт мезгілі жайында ақын жазу-шыларымыз өлең шумақтарымен сұлулығын, көркемдігін суреттеген. Солардың бірі Абай атамыздың күз мезгілін өлең жолдарымен керемет сипаттағаны.

Сұр бұлт түсіп,суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл туман жерді басқан.

Білмеймін, тойғаны ма, тонғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қаққан, тай жарысқан.

Міне осы өлең жолдар арқылы күз мезгілі жайында біраз нәрсе білуге болады.

Асел СИСЕНОВА.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2019 ЖЫЛДЫҢ IV - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі	Қазан айының — 9,16,23 күндері Қараша айының- 13,20, 27 күндері Желтоқсан айының-11,18,25 күндері уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Қазан айының- 3 күні Қараша айының-5 күні Желтоқсан айының-5 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық филиалының ғимараты	2-12-19

2019 ЖЫЛДЫҢ IV - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Т.А.Ж. лауазымын Кенжебаев Е.А. Кенжебайұлы, аудан әкімінің орынбасары.	Қазан - 8, 15,22,29 күндері Қараша - 12,19,26 күндері Желтоқсан - 3,10,17 24 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-12-23
	АйдарбаевМұратбай Болатаұлы, аудан әкімінің орынбасары.	Қазан - 7, 14,21, 28 күндері Қараша - 4,11,18,25 күндері Желтоқсан - 2,9,16,23 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.		
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Қазан – 11,18,25, 29 күндері Қараша - 9,16,23,30 күндері Желтоқсан - 6,13,20, 27күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.		

2019 ЖЫЛДЫҢ VI-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Асылбаев Ерпан Базарбаевич Көптоғай ауылдық округінің әкімі	Әр аптаның жұма күндері. Уақыты Сағ-10:00ден -12:30 ға дейін.	Көптғай селосы Достық көшесі №6	74-5-23

Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 қазанда № 6400 болып тіркелді

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

27 қыркүйек 2019 жыл № 333 Ойыл селосы

Ойыл ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдықайлықақылар ментарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 4 тармағына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария саласындағы мамандарға аудандық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

2. Ойыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 13 маусымдағы №106 шешімінің «Ойыл ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5594 тіркелген, 2017 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Ойыл аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы: И.Т.Косдаулетов	Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы: Е.Ж.Жиеналин
--	---

Зарегистрирован в Актобьинского областного Департамента юстиции 4 октября 2019 года за № 6400

РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

27 сентября 2019 года № 333 с.Уил

Об установлении повышенных на двадцать пять процентов должностных окладов и тарифных ставок специалистам в области социального обеспечения, образования, культуры, спорта, ветеринарии, являющимся гражданским служащими и работающим в сельской местности по Уилскому району

В соответствии со статьей 139 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года, статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и пунктом 4 статьи 18 Закона Республики Казахстан от 8 июля 2005 года «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий», Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Установить повышенные на двадцать пять процентов должностные оклады и тарифные ставки специалистам в области социального обеспечения, образования, культуры, спорта, ветеринарии, являющимся гражданскими служащими и работающим в сельской местности по Уилскому району, по сравнению с окладами и ставками специалистов, занимающихся этими видами деятельности в городских условиях, за счет средств районного бюджета.

2. Признать утратившим силу решение Уилского районного маслихата «Об установлении повышенных на двадцать пять процентов должностных окладов и тарифных ставок специалистам в области здравоохранения, социального обеспечения, образования, культуры, спорта и ветеринарии, являющимся гражданскими служащими и работающим в сельской местности по Уилскому району» от 13 июня 2017 года № 106 (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 5594, опубликованное 25 июля 2017 года в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде).

3. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актобьинской области;

2) размещение настоящего решения на интернет – ресурсе Уилского районного маслихата после его официального опубликования.

4. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии Уилского районного маслихата: И.Т.Косдаулетов	Секретарь Уилского районного маслихата: Е.Ж.Жиеналин
--	---

СТРЕССПЕН КҮРЕСУДІҢ ЖОЛДАРЫ!

СТРЕСС ДЕГЕНІМІЗ НЕ? ПСИХОЛОГТАР «СТРЕСС» ТАҚЫРЫБЫН ҰЗАҚ УАҚЫТ БОЙЫ ЗЕРТТЕП, ОНЫҢ СЕБЕБІН ТҮСІНУГЕ ЖӘНЕ ОДАН ШЫҒУ ҮШІН АДАМДАРҒА ЖОЛ АШУҒА ТЫРЫСТЫ. ХХҒ. 30-50 ЖЫЛДАРЫ КАНАДАЛЫҚ ҒАЛЫМ ГАНС СЕЛЬЕ СТРЕССТІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ТЕОРИЯСЫН ЖАСАДЫ. ОҒАН МЫНАДАЙ ҒЫЛЫМИ АНЫҚТАМА БЕРІЛЕДІ: СТРЕСС – АСА КҮШТІ СЫРТҚЫ ӨСЕРДЕН ЖҮЙКЕНІҢ ЖОҒАРҒЫ ДЕҢГЕЙДЕ ШИРЫҒУЫ. БҰЛ АДАМ АҒЗАСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН КҮШТЕНУ ҚАЛПЫ. ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ЖИІ ҚОЛДАНАТЫН, СӘНДІ СӨЗ. БІЗ ОНЫ ӨРУАҚЫТТА СЕЗІНЕМІЗ – СЫНЫПТА ӨЗІМІЗДІ ТҮРЫП ТАНЫСТЫРАРДА, АСҚАЗАННЫҢ ІШНДЕ ҚҰЫС БАРДАЙ СЕЗІМ БОЛАДЫ, ЕМТИХАН УАҚЫТЫНДА ШЕКСІЗ АШУЛАНУ, ҰЙҚЫСЫЗДЫҚ. БОЛМАШЫ СТРЕССТІҢ ӨЗІ ШАРАСЫЗДЫҚҚА АЛЫП КЕЛЕДІ. СТРЕСС АДАМ ТІРШІЛІГНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ. ДЕЙ ТҮРҒАНМЕН СТРЕССТІҢ ӨТЕ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙЛАРЫН АЖЫРАТА БІЛУ КЕРЕК.

Стресс үш кезеңнен тұрады:

- 1) үрейлену - жағымсыз тітір-кендіргіш әсер еткен сәтте туатын жауаптың алғашқы кезеңі. Таңырқау іспетті сезім пайда болады;
- 2) төзімділік – жағымсыз тітір-кендіргіш *әсеріне беріліп кетпей*, оған тезу реакциясы тұады. Бұл кезде гипоталамус-гипофиз жүйесінің ықпалымен бүйрек үсті безінің гор-мондарының мөлшері қанда тез мөлшерде көбейіп кетеді. Симпа-тикалық жүйке жүйесінің әсерімен жүректің соғу ырғағы жылдам-данады, тыныс алу ырғағы да жиілене түседі. Бұлшық еттердің жиырылу қабілеті күшейеді;
- 3) өлсіреу – бейімделу қорының мүмкіндігі азайып, таусылады, сон-дықтан психологияда дезадаптация (бейімделудің нашарлап жойылуы) пайда болады. Стресстің көпке созылған ауыр түрі адамды жүдетіп, қайғыға батырады.

Стресстің белгілері

Стресске әлеуметтік жағдайға және қызмет түріне байланыссыз барлық адамдар ұшырайды. Бірақ бір жағдайларда адамдар қатер тобына көбірек жатқызылады, ал басқалар азырақ. Америкалық мамандардың зерттеулеріне сәйкес стресске әлеуметтік орта қызметкерлері және зиян, өрі қауіпті өндірісте жұмыс істейтін адамдар ұшырайды. Бұл мұғалімдер, дәрігерлер, әскерлер, аппарат орталығының оператор-лары, полиция және басқа да маман-дар. Сондықтан жұмысқа алар алдын-да жұмыс берушілер стресске тұрақ-тылық тестін өткізеді. Бірақ олар шынында нәтижелі ме? Барлығына шектеу бар ғой! Бүгін бай, жетістікті және белсенді болу сөн. Бірақ мұндай критерийлерге сәйкес болу үшін адам көп жұмыс істеу қажет. Осыдан бастап, адам түскі астағы үзілісті өткізеді, кешке бөгеледі, елді-мекендерді және сағаттық белдеу-лерді ауыстырып, жиі іссапарға ұшады.Сонымен бірге оның тоқтап және демалуға уақыты жоқ. Стресс ақырындап өзі туралы білдіре бастайды, адамға үзіліске уақыт келгенін байқатады.

Оның бірінші белгілері:

- алаңғасарлық;
- жоғарғы қозғыштық;
- жиі шаршау;
- өзіншілдік сезімінің жоғалтуы;
- кенеттен тартылатын темекі санының өсуімен бірге, алкогольдік сусындарға құмарлықтың пайда болуы;

Оның екінші белгілері:

• ұйқының және төбеттің жоғалуы;

• естің нашарлауы;

• кейде баста, арқада, асқазада «психосоматикалық» деп аталатын аурулар болуы мүмкін;

• қуаныш негізінің толық жоғалуы.

Адам үшін жағымсыз ойсоққының әсері: 1. Адамның жоғары жүйке жүйесі әрекеттерінің түрлерінен, 2. өмірден алған тәжірибелерінен, 3. организмнің стрессті шектейтін жүйесінің туа біткен жағдайларына байланысты бүліністерге тұрақтылы-ғынан немесе бейімділігінен және 4. ауырталық туындатқан ықпалдың күші мен қарқынына байланысты болады. Осы себепті өмірлік тәжіри-бесі аз жастар жандүниелік ауыртпа-лықтарға төзімсіз келеді.

Қазіргі өмірде стресстен қашып құтылу мүмкін емес. Ауа-райының күрт ауысуы, *жұмыстағы пробле-малар*, келіктегі ұрыс-керіс, кездесуге кешігу, отбасындағы келеңсіз-діктер... Кей адамдар мұндай стресстерге бейімделген, қандай проблеманы болмасын шыбын шақ-қан құрлы көрмейді. Екінші біреулер салы суға кетіп, ауруына ауру жамап жатады. Демек, бұл тек көңіл-күйге әсер ететін психологиялық фактор ғана емес, адам денсаулығына кейде шешуші әсер ете алатын меди-циналық проблема.

Шамадан артық стрессті «дис-тресс» деп атайды. Ол адам басында қайғы, бақытсыздық, *ауру-сырқау*, мұқтаждық, жарақат болған кезде орын алады.

Адамда стресске төтеп берер психологиялық дайындық болу қажет, оған аутогендік жаттығу-лардың қажеттігіне сендірудің маңызы зор. Өміріне қатер төндір-гендей жағдайларда адам қайратты болуы және қалай болғанда да өзін еркін ұстап, жақсылыққа сендірге тырысу керек. Өмірді сақтап қалу өркінің өзіне, психологиялық күйіне, психологиялқ саулығына байла-нысты. Өзін-өзі сыйлау және ұстай білу стресс өсеріне қарсы тұру қабілетін күшейтеді, психологиялық саулығын қалыпты ұстайды. Стресс болмау үшін адам нағыз қажетті іспен айналысуы шарт. Салауатты өмір салтын сақтау, мұнаймау, жағымсыз өсерлерден бойды аулақ, ауырлықты ақылмен жеңудің жолдарын қарас-тыруы қажет. Осы айтылғанның бөрі – **психопрофилактика** болып табылады.

Психопрофилактиканың бір түрі **релаксация** (босансу)- дене мен психиканы керексіз ой-жабыр-

қаудан, абыржудан босатады, ал вокалотерапия бой сергітеді. Би билеу адамдарды оптимистік көңіл-күйге бөлейді.

Музыканың адам жан дүниесіне әсерінің пайдалы екенін ерте заман-нан адамдар білген.

Тіпті YІ ғасырда б.з.б. ежелгі грек ойшылы және математигі, сонымен қатар ежелгі Олимпиада ойын-дарының жеңімпазы (жұдырықтасу бойынша) Пифагор музыканы емдік мақсатта қолданған. Оның айтуын-ша, адамның жаны мен теңи музыка-лық әсер етуді өркез талап етеді дейді. Ал, III ғасырда б.з.б. Парфян патшалығында музыкалды-медици-налық театр салынған. Онда келген көрермендер музыкамен емделген екен. Тыныштану үшін, қысымды түсіру үшін мына музыкалар дәлірек келеді. П.И.Чайковскийдің “Анданте контабиле” немесе “Песнь без слов”, А.П.Бародинның “Князь Игорь” операсындағы “Хоровые песни”. Музыка тыңдау узақтығы 15-30 минуттай болуы керек.

Психопрофилактиканың екінші түрі – өзін-өзі сендіру. Оған аутогенді жаттығулар көмектеседі. ***Сізге ағылшын психологы Клер Рейнер талдаған өзін-өзі сендіру бағдарламасын ұсына-мыз.***

І қағида. Таңертең бір қуатыңызды үйден жақсы көңіл-күймен шығуға жұмсаңыз.

II қағида. Өз бойыңыздағы кемшілікке орала бермеңіз. Олар кімде болсын бар.

III қағида. Басқаларды артық сынға алмаңыз. “Ешкімді сөкте, сонда сен да сөгілші болмайсың” - деп інжіл де фибрат қылады.

IV қағида. Басқаларды көңіл қойып тыңданыз, сонда олардың да Сіз десе көңілі ерекше болып тұрады. Жұрт көбіне тыңдаушыларды жақсы көреді.

V қағида. Ағыңыздан жарылып тұрыңыз. Бейбілгіз сақ болсын. Білмегеніңді білімен деп өлек болып, қулыққа салынбаңыз.

VI қағида. Өз төңірегіңізден Сізді сап де болса түсінетін жақсы адамды тауып алыңыз, жалғызсырамайтын боласыз.

VII қағида. Жасқаншақтығыңызды арақпен кетіремін деп ойламаңыз. Егер де ашық, ақжарқын болсаңыз, арақ-шарапсыз да өзіңізді қоршаған адамдар арасында мерейлі боласыз.

VIII қағида. Орынсыз именшектіктің кейбір адамдарды жалықтырып жіберетінін де есте сақтаған жөн, егер де біреу Сізбен даусын көтеріп, өктем сөйлесім тұрса, оған өзiм кiнәлiн деп есептемеңiз, белкiм, ол адам үшiн өз жiгерсiздiгiн жеңудiң бiр амалы осындай болар деген ойда жүрген шығар.

IX қағида. Өзіңізбен бір жаман іс болып, жағдайсыздыққа ұрынсаңыз елдің көзінше келіп, налымаңыз. Жұрт сізге ерекше ықыласпен қарайтын болады, өйткені оларға өз артықшылықтарын сезінуге Сіз бір үлкен мүмкіндік бердіңіз.

А.ТИЛЕПЕРГЕНОВА,
Ойыл аудандық орталық ауруханасының психологы.

Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 қазанда № 6399 болып тіркелді

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

27 қыркүйек 2019 жыл № 334 Ойыл селосы

Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 ақпандағы № 259 «Ойыл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылға әлеуметтік қолдау көрсету туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» қаулысына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 ақпандағы № 259 «Ойыл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылға әлеуметтік қолдау көрсету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-11-160 тіркелген, 2019 жылғы 18 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің 1 тармағының 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«1) жүз еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы».

2.«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Ойыл аудандық мәслихатының интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы: И.Т.Косдаулетов	Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы: Е.Ж.Жиеналин
--	---

Зарегистрирован в Актобьинского областного Департамента юстиции 4 октября 2019 года за № 6399

РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

27 сентября 2019 года №334 с.Уил

О внесении изменения в решение Уилского районного маслихата от 8 февраля 2019 года № 259 «О предоставлении социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Уилского района на 2019 год»

В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 8 статьи 18 Закона Республики Казахстан от 8 июля 2005 года «О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий», постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 февраля 2009 года № 183 «Об определении размеров предоставления мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты», Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение Уилского районного маслихата от 8 февраля 2019 года № 259 «О предоставлении социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Уилского района на 2019 год» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 3-11-160, опубликованное 18 февраля 2019 года в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде) следующее изменение:

подпункт 1) пункта 1 вышеуказанного решения изложить в следующей редакции:

«1) подьемное пособие в сумме, равной стократному месячному расчетному показателю».

2. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актобьинской области;

2) размещение настоящего решения на интернет – ресурсе Уилского районного маслихата после его официального опубликования.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии Уилского районного маслихата: И.Т.Косдаулетов	Секретарь Уилского районного маслихата: Е.Ж.Жиеналин
--	---

«Ақам нәсілін жер бетінде баянқы етіп тұрған бірқе- бір кқш - меірім мен рақым ғана»

Әбіш Кекіпбаев

Жұмыс бөлмесінен шыққан бастығын көріп, Інжу де жинала бастады. Нысанбек ыңырана қозғалып, мұның жанына жақын келді.

- Сағат кешкі жетіні соғып тұр. Бөлкім, үйіңе апарып салармын, - деп қолқалады.
- Жоқ, аға, өзім жетіп аламын.
- Інжу, байқап жүрмін, күннен-күнге құлпырып барасың.
- Рахмет, аға.
- Мені өлтіретін де осы аға деген сөзің ғой.
- Нысанбектің мына сөзін қалай түсінерін білмей абдырап тұрғанда, ол күліп жіберді.
- Ресми түрде бастығың болсам да, мырза демей аға дегіңніңді айтам. Жарайды, аға болайын. Онда ағаңның бір ақылы бар саған айтар.

- Құлағым сізде.
- Інжу бұл өңгіменің тезірек аяқталуын тілеп, кетуге асығып тұр.
- Өткенде тұған күнінде жасыңды сұрап едім, айтадың. Құжатыңнан қарасам отызға толыпсың. Отбасың да құрмалсың. Енді бір бес-алты жылдан соң жан-жағыңа жалтақтаған, жалғыздықпен ауылдас қонған нағыз көрі қызға айналасың.
- Төкетерін айтыңызшы, аға.
- Інжу бастығының жеке басын сөз еткенін ашық жактырмай, тік қарады.
- Ақыры күйеуге шықпайды екенсің, онда өзің үшін туып ал. Ағалық ақылым осы!
- Мына сөз Інжуге тұла бойын тоқ ұрғандай сезілді. «Өзің үшін туып ал» - деген төрт сөз қарғыс шынжырындай болып құлағында тұрып қалды. Қыз бастығын итере-митере шығар ескізе беттеді. Нысанбек оның соңынан мырс-мырс күлген күйі қарап тұрып, «отызға келсе де, құлын мүсінінде мін жоқ өзінің» - деп бір тамсанды.

Инжу тымса атып шыққанда, кешкі мезгілде тіптен қарбалас болып кететін Алматы көшелерінде шамдар жарқырап тұрды. Алайда адымдай басқан қыз бұл құлағында жарықты сезбеді. Көз алды тұманданып, безілдеп жүре берді. Бұрын өлгі бір лағнет сөзді сыртынан айтқандарын сестіген. Көзін бақырайтып қойып, «ақылым осы» деген жағдай бірінші рет басынан өтіп тұр.«А. Құдай, бұл қай қорлығың? Шынайы махаббатты күтумен өмір өткізгенім үшін айыптымын ба? Ақ махаббаттан үмітімді үзейін бе? Көледенек көк аттыға «өзім үшін тұғым келеді» деп тәлімсиін бе? Жо-жоқ! Жоқ!» Жүрек түпкірінде жанайғайы құйын болмап көтерілген Інжу көшедегі жүргіншілерді қағып өтіп, қаршытай басты. Желдей есіп жүгірсе, мына қорлық пен мазасқан құтылатындай көрініп, бүлкілтей жөнелді. Екпіндеп барып, біреуге соқтығысып тоқтады.

- Қайда асықтың, қызым? - деді қоңыр үн.
- Жазмыштан қашып барамын, - деді қыз алқынып.

- Жазмыштан озмыш жоқ қой, қызым, - деді өлгі қоңыр үн күңіреніп.

- Жоқ, құтылам. Өлдекім жазып қойыпты- мыс деген сол шимайды түзетем! - деп қыз жұлқына беріп еді, дауыс иесі ол-ондай құлап түсті. Інжу қапелімде өзінің екпінінен құлаған болар деп абыржи қоймады. Әйтсе де ол жерден көтерілер емес.
- Тұрсаңызшы. Сізге не болды? - деп Інжу енді оның жүзін өзіне қаратты. Жұмылуға жақын қалған жанар сыр жолдап үлгерді. Аласы көп қой кәзден торығу, түңілу, үміт үзу тәрізді сезімдердің аласалыран арпа- лысын қапысыз сезген қыз оны демей берді. Өзіндей торыққан бір жанға сүйеніш болғысы келді. Жан дәрмен сөмкесінен қалта теле- фонын іздеді. Қаз қылғанда оны таба алмады. Көшеде еңгезердей адам сұлап жатса да, көмекке ұмтылуға асыққан жекін көрінбеді. Інжу жан ұшырып, бір жүргіншіні тоқтатты.

- Телефонныңызды беріңізіші, «Жедел жәрдемге» қоңырау шалайын, -деп шыр-шыр етті.
- Ішіп алғаннан сауымсыз өзі? -деген бейтаныс адам сыдыртып өте берді.
- Бойжеткен, телефоныңды қолдануға рұқсат етші.
- Телефонымды алып қаша жөнелсең қайтемің? Ары жүр, - деп жас қыз зірк ете қалды. Інжу енді айғайға басты.
- Құдай-ау, сендер адамсыңдар ма, өзі? Мына кісі есінен танып құлады. Ауруханаға жеткізіміз керек!
- Есінен алпесқан, - деп екі жас жігіт бұны маскүнемге балап, күле қарап өте берді. Құлағына наушник тағып алып, бүкіл өлемнен бөлектеніп, өз күйіне өз риза қалыпта келе жатқан бір қызды ақыры бегеді. Ол құлағынан антурған жібін суырып, мән-жайға қанығам дегенше, Інжудің жаны шығып кете жаздады.

- Ағам жүрек талмасына ұшырады. «Жедел жәрдем» шақыр! - деп өктем сөйледі. Шашын ер түске түрлендіре бөаған жас қыз «Жедел жәрдемге» қоңырау шалды-ау ақыры. «Жедел жәрдем» көлігі құпұлата жеткенше, Інжу табан астында кескен теректей сұлап түскен бейтаныс ер адамның жанынан кете алмады. Бұл кезде адам қарасы да көбейіп қалған-ды. Бірақ олардың көптігін қайтсын, қолдарынан дәрмен келмеді. Көліктен секіріп түскен мейрбике ер адамға төне қарап, оның басын сүйеп, қолын уқалап отырған Інжуге бір қарады.

- Қандай мекенжай бойынша тіркелген? - деді сосын аспай-саспай.

- Адам, адам қиналып жатса, сіз өлде- қандай қағаз сұрап тұрсыз! Жүрсеніңіз енді бір ауруханаға!

- Інжудің қулындағы даусы құраққа шықты. Бірақ мейрбике бұны шыбын шаққан құрлы көрмеді. Өз үяқін төптіштеп түсіндіріп, қатаң ережелерді қайта-қайта айтумен болды.

- Тіркелген емхананы бойынша ғана қабылдаймыз. Онда облыстық ауруханаға апарайық,-деп өріптестеріне иек қақты. Олар да бұған келісе кетті.

- Облыстық аурухана қаланың шетінде ғой. Оған жеткенше көлік кептелісінде екі сағаттай уақытымыз кетіп қалады. Жақын жердегі ауруханаға апарыңыздар! - деп қыз шықына айғайлады. Мына ақ халат кигендер оған Ахалдың есебін түгендеуге келген жөнет- тердей тым суық көрінді. Содан да болар, ол енді ашына оты салды.

- Мен де заң білемін. Жоғары білімім бар. Қазақстанның кез-келген азаматы өзі қалаған

емханаға, тіпті ауруханаға қарала алады. Ал қазір мәселе адам өміріне қатысты болған- дықтан, тек жақын жердегі ауруханаға таңдау салуға құқым бар. Ағам тірі қалуы керек!

- Мына білгіштің сайрауын-ай! Мұндай білгіштердің жазғыш келетіні тағы бар. Кеттік, таяу тұрған ауруханаға!

- Көлік орнынан қозғала бергенде, сұлқ жатқан ер адам кірлігін өлсіз жыбырлатты. Інжу оның қолын жібере сала, жүзіне жүзін тақады. Оның тыныстап жатқанына көзін жеткізгісі келді. Бірақ ештеңе байқай алмады.
- Тамыр соғысы нашарлап барады. Қан қысымы тым төмен, - деді бас жағына жайғасқан тағы бір мейрбике аппаратына қарап тақ-тақ етіп.

- Аға, мықты болыңыз, - деп Інжу өзі де байқамастан оның маңдайынан сипады. О, ғажап! Осы сөт науқас сөл жымыды. Ыстық алақанның табы қуат берді ме, өлде аялы алақан оны өлпештеген жандардан елес берді ме? Әйтеуір науқастың жүзіндегі сүйкімді жыммыс ұзақ тұрды.

Бұлар ауруханаға жеткенде, іштен шалпаң шыққан қызметкерлер науқасты бірден ала жөнелді. Соңынан ұмтылған Інжуді бір ақ халатты тоқтатып:

- Науқастың туысы боларсыз. Оны ақылы бөлімге жатқызбайсыз ба? - деді.
- Алдымен ағамның жаны қалсын, - деген қыз оның қасынан желдей жүйтікп өте берді. Бұны көре, құжат толтырушы бір мейрбике сұрақтарын жаудырды.
- Қалай есінен танып жүр? Бұрын бұлай ауырып па еді? Қалыпты қан қысымын айтыңыз.Қан тобын білесіз бе?
- Мен ештеңе білмеймін.
- Ағам деп шу көтеріп тұрсыз. Өз ағаңыз туралы дым білмейтініңіз бір түрлі екен, - деп кекетті ақ киімді болса да, пөк ниетті көрін- беген қызметкер.

- Иә, ағам дедім. Бірақ оны танымаймын. Көшеде құлаған жерінде алғаш рет көрдім. Ештеңе білмейтінім содан. Ағам болуы үшін міндетті түрде қаны бір болуы шарт па?

- Қыз бұлуығы жылап жібергенде, өзге бір қызметкер ішке кірді.
- Құжаттары міне. Жеке заттарын сізге берейін, - деп Інжуге бұрылды. Мейрбике құжатқа қарап, қағазын толтыра жөнелді.
- Рақымұлы Думан, 1951 жылы туған...
- Бітпестей көрінген құжатпен «шайқас» аяқталғанда, Інжу өзі есімін өзеп білген, бірақ «аға» деп атаған адамның өміріне араша сұрап коридорды бойлап келе жатты. Қолындағы Думанның «жеке заттары» деп ұсынылған түйіншекке назар аударғанда аңғарғаны, қымбат көл сағат, қалың тікті, неке жүзігі мен қампиган өмйан және қалта телефоны. Інжу телефонға көз жүгіртіп еді, ешікім қоңырау шалмапты. «Думан аға, жаныңызды сонша жүдеткен кім болды?

Мейірімін шолдегенде

(*әңгіме*)

Өмірден, мынау жарық өлемнен баз кешірген кімдер? Асыл мен жақұттың бәрі қолыңызда екен, сонда сізге не жетпеді? Ішім сөзіп тұр, бір ауыз жылы сөзге зар болып, шапағатқа шөлдеп, ақыры опырыла құладыңыз. Өмір сүруге еш себеп жоқтай сұлап түстіңіз. Қанша уақыт өтсе де, соңыңыздан ешікім сұрау салмады. Тірі жанға керегі жоқтай соншама қайырсыз ұл, рақымсыз қыз өсірдіңіз бе? Не де болса жаныңыз аман қалсын, аға!»

-Сізді іздеп жүр едім. Думан Рақымұлының жақынысыз ғой, - деп ұзын бойлы,кең маңдайлы дөрігер мұның жанына келді.

- Иә, ие, мен ағамды уайымдап тұрмын.

- Ағаңыз инсультіп алған.

- Дөрігердің сөзін аяқтатпаған Інжу без ете қалды.

- Тірі қала ма?
- Өміріне өзірше қауіп жоқ. Толық есін жиганша жан сақтау бөлімінде болады. Оянаған соң жалпы палатаға ауыстырамыз. Бірақ көп күтінуі қажет болады.
- Ота жасамайсыздар ма?
- Жоқ, инсульттің жеңіл, яғни бастапқы түрі бол. Дегенмен ағаңыздың жаны күйзелген сыйнайлы. Тіпті өмір сүргісі келмейтіндей, күрес, тірі қалуға құлшынысты ағзадан байқай алмаймын.

- Мен ағамның оянуын күтемін. Рұқсат ететін шығарсыз, - деді Інжу. Күткенде үміт таңының атпай қоятыны бар. Бұл жолы да сөйтті. Таңның қылаң беруі қиынға соқты. Коридорда өз-өзінен бүкшііп отырып, Нысан- бектің зәрлі сөзі есіне түсті. Сол заматта денесі тітіркеніп, іштей жірікпеніп кетті. Нысанбектің тұспалын бұл түсінді ғой, бастығы болса «бәріне рұқсатым бар» деп ойлай ма екен? Қыздың көз алдына бастығы көзі үңірейген, мейірімнен жүрдіп құбыжық болып елес берді. Көзі ілініп кетіп еді, өлденеден секем алғандай, орнынан атып тұрды. Жөпелдемеде қайда екенін түсіне алмай, қалшыып сәл тұрды. Содан кейін бірден қайда, кім үшін жүргені есіне түсті. «О, тоба, өлі күттумен отырмаын ба? Атар таңым, жақсылықпен ғана шуақ шаш! Суық хабарың болса...» Інжу ойын аяқтауға жүрексініп, орнына қайта отырды.

Дөрігерлердің саябыр таппаған қызметі таң қарсаңында да бір тынбады. Ерісіп-қарсылы жүгірген дөрігерлердің арасынан манағы жылы жүзді шипагерді іздеп отыр. Міне, ол сүйт келе жатыр.

- Кешіріңіз, ағам...

- Иә,иә, Думан Рақымұлының жағдайы жақсы. Түнертең жалпы палатаға ауыс- тырамыз, - деді де ол бөкендей желіп өте шықты. Інжу орнына сылқ етіп отыра кетті. Қуанышы буынын босатып жібергендей. «Түсі игіден түңілме!» деген осы. Өзінің жүзі қандай жылы болса, сөзі де сондай шуақты. Дөрігер деп осындай сабаздарды айтуға болады», - деп іштей өзі атын да білмейтін абзал жанға сүйініп отырып, ақыры танды атырды. Жан сақтау бөлімінен жалпы палатаға ауыс- тырылған беймәлім ағасы жанына барған бұған сұраулы көзбен қарады.

- Аға, - деді Інжу шаршаңқы үнмен.

- Мен есіңіздемін бе? Мен...
- Иә, қызым, жазмыштан қашып барам деп едің. Құтыла алдың ба? Менің пешенемнен бой тасалауға еш мүмкіндігің қалмады.
- Ол ауыр күрсінді.
- Аға, міне, жеке заттарыңыз. Барлығы осында. Ақшаңыз да орнында.
- Қызым, ештеңе де орнында емес. Дүниенің астаң-кестеңі шықты ғой.
- Думан көзін жұмып, көкірегін кере үһіледі. Інжу оны аяп кетіп, қолынан ұстай алды. Мұздай қолы қыздың ыстық алақанында жылына бастады.
- Өң мен түстің арасында жатқанымда, Ақторғыным келіп, маңдайымнан сипады.
- Ол тамсанып, ақырын жымиды. Жұмбақ ағасын қалай тастап кетерін білмей екіұдай күйде қалған қыз ақыры оның маңдайынан сипады. Ол кенет көзін кең ашып,
- Шынымен жер бетінде сор маңдайымнан сипар жан қалған ба? - деді.
- Неге олай дейсіз?
- Мені ішын жақсы көретін ардақтыларым о дүниеде. Ал мына дүниеде кіл...
- Аға, сізге ауыр ойлар ойлауға болмайды. Қайта ауырып қаласыз.
- Інжу оның сөнген рухының шоқтарын тұтатпаққа ниеті кетті. Бірақ қасіретінің сырын білмеген соң жұбатудың орайын таппады.

- Аға, мен жұмысыма барайын. Кешіксем бастығым ұрасады.
- Қызым, кетпе.
- Аға, мен тағы да келемін.
- Тастап кетесің. Мені бәрі қалай бір-ақ күнде аңыратып жалғыз қалдырып кетті, сен де солай...
- Думанның сөзінің соңы өкіске айналды.
- Аға, ақылды аға, сіз жыламаңыз. Мен қайта айналып келемін. Үәде беремін.
- Қолың өзер босатып алған Інжу палатадан ақырын басып шығып кетті.
- Таңғы Алматы кайнаған тірліктің базарын- дай ызы-қиқы шуға толы. Автобуста ине шаншар орын жоқ. Інжу тұрған қалпында кірпігі айқаса бергенде, сілкіп қалған автобустың екпінінен белк етті. Аяқ астынан құлағына бір сыбыр жетті: «Мына қыз түні бойы «жұмыс» істеген сияқты. Түрін қарашы. Ат құсап тұрып ұйықтап тұр». Өзін кімге тегенегін анық түсінсе де, өлдене айтып тайталасуға қыздың қауқары жоқ еді. «Арсыз пақыр, жүрегі қарайған бейшара», - деп ойлаудан арыға аспады. Өзіне керекті аялдамада сыналап жүріп, сыртқа өзер шықты. Кеудесін кере бір тыныстап, өзі екі жылдай қызмет атқарған, енді жексұрын мекенге айналған көңсеге іліп басып кірді. Күзетші қалпын өн-бөйінен тікте қарап:
- Жұтып алғансың ба? Көзің ісіп кетіпті ғой, - деп ыржиды.
- Бастық келді ме? - деп күңк етті қыз.
- Иә, жұмыс бөлмесінде отыр.
- Бұрын өзі «ағалап» сыйлап жүретін тағы бір өріптесін жүрегіндегі «адамдар тізімінен» сызып тастап, Інжу Нысанбектің отырған жеріне кіріп барды.
- Қайырлы таң, - деді Нысанбек бұған мүлде

жатқан Думанға тым жылы шыраймен қарады.

- Иә, қоңырау шал, егер о дүниеден шақыру мүмкін болса, шақырып алшы.
- А-а, кешіріңіз, мен сіз жайлы ештеңе білмеймін ғой. Жақыныңыз болса шақырайын дегенім ғой.
- Еш айыбы жоқ.
- Аға, тамақ іштіңіз бе?
- Ішме шөккен шер шемені ас пен судан бас тартқызды.
- Мына жалған дүниеде кімнің бауыры бүтін дейсіз, аға? Таусылуды қойыңыз да, менің өмірлерімді орындауға көшіңіз. Бірінші бұйрық -еңсеңізді көтеріңіз.
- Өзіне жанары нұрлана қараған ағасына Інжу өмірін қарша боратты.
- Екінші бұйрық - мен өкелген судан ішіңіз. Үшінші бұйрық - сатып алған тамағымды тауысып жейтін болыңыз.
- Ақторғын да дел осылай «бұйырамын» деп маған қамқорлық жасаушы еді.
- Думан алыста қалған бақытты күндерін аңсағанын ашық білдіріп, үнсіз отырып қалды.
- Ақторғын сіздің кіміңіз? - деп ақырын сыбыр етті Інжу.
- Әйелім. Ғашық болып, есімнен айрылып жүріп үйленген әйелім. Бір жыл ғана дәурен сүрді.
- Аға, жүрегіңізге салмақ салатын зіл ойларды ысырып тастап, жақсы күндерді айтыңызшы. Әрі тамақтан да ала отырыңыз.
- Інжу кеудесін көтеріп отырған Думанның алдына тамақ тосты.
- Менің ең бақытты күндерім сол шақ еді.
- Онда сол шырайлы шақтарыңызды еске ала отырыңыз.
- Інжу Думанның тіл-ауыздан айрылып, өшіп жатқан қалта телефонын алып, қуат көзіне қосты.
- Мені ешікім іздемейді, - деді Думан кесіп- пішіш сөйлеп.
- Туғаныңыз іздейді. Қан жақындығы адамды алысқа жібермейді.
- Ақторғын ұлымды өмірге әкелді де, өзі менімен көш айтсыпастан бақи дүниеге аттанып кетті. Менің сорым қалың екен, ұлым екі жасқа келгенде ата-анам бір күнде көлік апатынан қайтыс болды. Сөйтіп мен мына күллі жалаңда Жарқын атты жалғыз жақыныммен қалдым. Амалсыз өмір сүрдім. Еріксіз кесіп аштым. Бірденемен жанымды сала айналдыспасам, жынданып кетерім сөзсіз еді. Сондықтан кішкентай дүкен ашып, кесіп бастадым. Ал қазір дүркіреген көсіпкермін. Аспандағы ай сатылса, оны да алар дүеліміз бар. Бірақ жаныма жылу берер жақыным жоқ. Сұп-суық өлемді кезіп жүрген бір сұлбамыз.

- Інжу төтеден шешіле сөйлеп кеткен Думанның сөзін бөлместен, сырын қалт жібермей тыңдап отырып қалды.

- Қолдан жасап алған отбасым бар еді. Алыс жамағайын бір қарындасым күйеуінен ажырасып, екі баласымен қолыма келген. Ол кезде ұлым бес жаста болатын. Содан бері оларды отбасым деп өзімді құр алдап келіпін. Бір-ақ сөтте жиендерімнің кеміргіш, ал

қарындасымның менің жиған-тергенімді теспей сорған қансорғыш екенін, ал ұлымның менсі де өмір сүре алатын өзімшілдігін білдім. Осы неше қат шындықты бір сөтте білу маған ауыр тиді.

- Кілт үзілген өңгіменің соңын күтпеген қыз ағасының қолын қыса түсті. Ол да өлсіз қысып жауап берді.

- Сонша қайғыдан соң тұралап қалмай, табандылықпен тағдырға қарсы тұрып келіпсіз. Ал бүгінгі шындық неге сізді қанбақтай ұшырып түсірді?
- Жақындарымсыз тұл қалған өмірдің суығы жанымды қарып өкетті. Титықтатты.
- Аға, мен бармын қасыңызда. Қызым бар деп біліңіз.

- Айналайын, сендей қызы бар өкен қандай бақытты еді!

- Өкем анам мен екі қызын баяғыда тастап кеткен. Кейінгі жылдары көмескі бейнесі де жадымнан өшіп тынды.

- Бұл сөзге тосылып қалған Думан Інжудің сыр жасыруға дәрменсіз мөлдір жанарынан мұң талқан көрді. Қоң жанар үңсіз тілдесті.
- Өзің өке мейірімін көрмесең, өзгеге шапағат шуағын тәғүді қайдан үйрендің?
- Анамның мейіріне қанып өстім. Ана махаббаты маған бүкіл жаратылысты сүюді ұйреткен.

- Өкең «балам» деп өміренбесе, сен маған қызымдай қарап, мейірім сөулесің тәғүді қайдан үйрендің?

- Мен өмірден есеп сұрамаймын. Өкемнің безбұйрек болғаны үшін барлық ер адамдарды жек көрмеймін.

Сөзсіз-ақ көп жайды жайып салған жанарлар ақыры қасірет қамалын бірге бұзардай біртұтас бірлікке айналды.Тек оны сырт көз теріс түсінбесе болғаны.

Инжу өз іштей өке атаған Думанның қалта телефонына қарап отырып, «Ұлым» деген нөмірді жазып алды. Ондағы ойы - ағасын қуанту еді. Құмай қоташасып, далаға шыққан Інжу бірден өлгі нөмірге қоңырау соқты.

- Алло, - деп гүр етті әр жақтағы дауыс.
- Думан Рақымұлының баласымен сөйлесейін деп едім.
- Онсыз да сөйлесіп тұрсың.
- Думан Рақымұлы сіздің өкеңіз бе?
- Біліп тұр екенсің, несіне сұрайсың.
- Өкеңіз инсульт алдып, ауруханаға түсті. Бүгін екінші күн...
- Қыздың сөзін үзген жігіттің жан даусы болды.
- Өкем, өкем қалай? Тірі ме?
- Ертең сағат бес пен сегіздің арасында келушілердің уақыты. Сол мезгілде келсең, өкеңді көрі аласың.
- Тірі! Тірі! - деп әр жақтағы дауыс қуанып жатты.

Алматының зәулім ғимараттардың арасы- нан сөулесіп сәрам, өір жасырына төгетін тағы да ағарандағы. Інжу халдымалы бөл- медегі төрт қызбен жалаласа тұрып, жұмы- сына жиналды. Аялдамаға келе жатып тағы да ауыр ойға шомды. «Жастық шақ қысқа. Тіпті адам өмірінің өзі де қамшының сабабыдай. Жиырма бестен аспай жатып көрі қыз

атандым. Отызға келіп едім, болашағы бұлдыр әйел деп секті жұрт. Қырыққа келсем, кім атанарым белгісіз. Кейуана жасына жеткенше, басым көрге кіргенше естімегенім қалмас». Өзін-өзі оймен жазалаған Інжу жұмысына жеткенін өрең байқады. Күнделікті жаттанды тірлікке аяқ-қолы, тіпті санасы үйреніп кеткендей. Бүгінгі бар өзгеріс - Думан ағасының жанына баратыны. Кеш батар- батпаста салып ұрып жетіп барды. Бүгін ағасының жүзі нұрланып, шырайланып қалыпты. Көңілді қарсы алып:

- Қызым, отыр, жұмыстан шаршап келген боларсың, - деді.
- Өке, мен сіздің жадыраған, өмірге қайта ғашық болған түріңізді көріп, шаршағанымды ұмытып қалдым.
- Өке деймісің?
- Өке дедім бе?
- Қыз өзі де таң қалып, сасқанынан күліп жіберді.
- Өке деші. Бұл сөзді сағынып жүр едім. Ұлым бір реніштен соң өке деуін доғарған...
- Өке, өкетайым!
- Қыздың өр сөзінен өкесі ауруынан айыға берді. Солғын өңіне қан жүгіріп, өмірге құштарлығы қайта оянды. Бұл сөтте кіруге ыңғайланған Жарқын Інжудің бұл сөзін естіп, кері шегінді. Өкесінің бұл білмейтін қызы бар болып шыққаны ішін мұздатты. Бұрын өкесін жеке меншігіндей көретін тентек жігіт не амал қыларын білмей, теріс айналып кете барды. Іші бір суынып, бір күйінді. Өзінен басқа ешікім өке демейтін Думан қызына «өкетайым» дегізіп, өзі еркелеп отыр. Иә, еркелеп отыр. Бұл болмаса да бақытты екен ғой. Тағы бір баласы бар екен. Иә, бар екен. Ал бұның өкесінен басқа кімі бар еді? Енді ол да жоқ. Жоқ! Жанын ой қамшысымен сабалап келе жатқан жігіт тосыннан кері бұрылып, өкесінің палатасына қарап ұмтылды. Көңіліндегі бар өкпесін, ренішін ақтарып салғысы келді. Кірмек болып есіктің тұтқасына қолын созып еді, палатадан шыққан егде кісімен қақтығысып қалды.

- Ішке кірмегенің абзал.Анау шал мен жас қыз әуейі ме, өздері бір түрлі. Бір-бірінің беті- қолдарын сипалап, онымен қоймай, «өке», «қызым» деп сикырсып отыр. Қарап отыруға жүзім шыдамады.
- Мына сөзден соң не ойларын, нендей сезімге ырық берерін білмеген жігіт палатаға баса-көктеп кіріп келді. Бір сүйкімді қыз өкесіне шай құйып беріп отыр. Шайды ұсынғандағы көзқарасы қандай жылы!
- Кел, Жарқын, кірсенші, - деді өкесі шайын үстелге қойып.
- Сен не істеп жүрсің?-деп ентікті ұлы.
- Ахал аузынан қалды. Өмір үшін күресіп жүр.

- Ажалры қыздың сөзін Жарқын аяқтатпады.
- Сен жаңа өкемді, менің өкемді неге «өкетайым» дедің?
- Жарқын, сен мені өке дедің бе? Бұл сөзді сағынғанымға гасыр өткендей көрінген еді. Атымды атап, әр кез жігерімді мұқалтушы едің ғой.

- Өзіне құшақ жаяу ұмтылған өкесінің қолын қағып жіберген Жарқын әген зілді сұрақ қ

ҰСТАЗДАРҒА МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ!

Жуырда Ақтөбе қаласында үстел теннисінен 2006 ж.т. және одан төмен жастағы жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Ақтөбе облысы чемпионаты өткізілді. Ойыл балалар – жасөспірімдер спорт мектебінен команда жасақталып, қатынасып келді. Чемпионатта 8 команда өздерінің бақтарын сынады. Нәтижесінде топтық кезеңде жасөспірім ұлдарымыз ІІІ орынға тұрақтады, жұптық кезеңде қыздар арасында Айкөктем Шаймерденова ІІ орынды иеленсе, ұлдар арасында Әділет Бірімғалиев І орынға ие болды. Жекелей кезеңге тоқталсақ қыздар арасында А.Шаймерденова жүлделі ІІ орынды иеленсе, ұлдар арасында Ә.Бірімғалиев чемпионаттың жеңімпазы атанды.

Қазан айы жеңістерге толы ай болды. Дәл осы жеңістен кейін тағы да қуанышты жаңалық болды. Қазан айының алғашқы мерекелерінің бірі ұстаздар күніне жас спортшыларымыз ұстаздарына өздерінің жеңістерін тарту етті. Толығырақ айтсақ, ағымдағы жылдың 01 – 04 қазан аралығында Ақтөбе қаласында волейболдан 2007 – 2008 ж.т. жасөспірімдер арасында Ақтөбе облысы чемпионаты өткізілген болатын. Ойыл балалар – жасөспірімдер спорт мектебінен команда жасақталып, қатысып келді. Нәтижесінде ұлдарымыз Ақтөбе қаласы және аудандарынан жасақталған 6 командадан оза шауып, чемпионат-



тың жеңімпаздары атанды. Сондай – ақ Серіков Тоқтар чемпионаттың үздік ойыншысы атағымен марапатталды.

Жаттықтырушылар Асылханов Қанат Нұрланұлы, Дайрабаев Айбат Нұрлыбайұлы, Құрманғазин Райымбек Қазанғалиұлын және жүлделі орындарға ие болған жас спортшы-

ларымызды жеңістерімен құттықтай отырып, ауданның мәртебесін биік тұғырға көтере берулеріңізге тілектеспіз.

Ұстаздар күніне орай өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі қол жеткізген табыстары және білім, спорт саласындағы жеткен жетістіктері үшін аудан әкімінің сертификатына ие

болған жаттықтырушы Айбат Нұрлыбайұлын, облыстық білім басқармасының құрмет грамотасымен марапатталған жаттықтырушы Досбол Аманқосұлын марапаттарымен құттықтаймыз.

Г.Таңжарбайқызы.
БЖСМ әдіскері,

УЛАҒЫШ ГАЗДАН САҚ БОЛАЙЫҚ

Адам өміріне орасан шығын өкелетін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, өткен 2019 жылы ауданымызда тұншықтырғыш газбен уланудың 2 жағдайы тіркеліп, 2 ересек адам 3 баласымен уланды. Уланудың басты себебі тұрғын үйдегі пеш жүйесінің түтін құбыры және түтіндігі күйеден тазартылмаған. Сондықтан, осы кезде уланудың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ол үшін от жағу маусымы кезінде пештер мен басқа да жылу беру құралдарының қауіпті қалыпты жұмыс жасауына ұдайы бақылау жүргізу қажет.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек.

Алдағы уақытта біле отырған жөн деп санаймын: Тұншықтырғыш газ немесе көміртек тотығы-түссіз, иісі жоқ газ, ауадан жеңіл. Тұншықтырғыш газ өр жолы ағаш, көмір отынды жаққан кезде қалыптасады.

Тұншықтырғыш газымен улану себептері:

Пеш жағып жылытуды пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тартуы).

Пешпен түтін шығу жолдарының

ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі).

Адамның өрт ошағында болуы. Ауа алмасу нашар гаражда немесе бөлмеде автокөлікке техникалық қызмет көрсету.

Қозғалтқышы қосылған күйдегі автокөлікте ұйықтау.

Тұншықтырғыш газымен улану белгілері

Уланған белгілерін алғашында білу өте қиын, сондықтан да сіз өлсіздіктің себебі тұншықтырғыш газ екенін білмеуіңіз мүмкін.

Бір бөлмеде болған адамдардың барлығында бірдей белгілер пайда болған кезде тұншықтырғыш газымен уланғанын білуге болады.

Көміртек тотығының аз шоғырлану кезінде уланудың алғашқы белгілері пайда болуы мүмкін: жас ағу, бас айналып ауыруы, өлсіздік және жүректің айнуы, құрғақ жөтел, ақыл есінің шатасуы, көзге және дыбыстық елестер болуы мүмкін. Уланудың белгілерін сезген кезде тез арада бөлмеден таза ауаға шығу керек.

Тұншықтырғыш газдың аз шоғырланған бөлмеде ұзақ уақыт болу кезінде, улану белгілері байқалады: тыныс алудың бұзылуы, іс-қимылдың бағыттың бұзылуы, елестер, ұйқы басу, бет терісінің және шырышты қабықтың көгеруі, лоқсу, дене құрысуы мүмкін, есінен тану.

Тұншықтырғыш газдың ауада көп



шоғырланған бөлмеде, естен тану және ессіз дененің құрысу күйге түсу пайда болады. Тұншықтырғыш газымен уланған зардап шегушіге алғашқы медициналық көмек көрсетпеусіз, ажалға өкеліп соғуы мүмкін. Улану кезінде алғашқы көмек

Зардап шегушіні тұншықтырғыш газы қауіпті шоғырланған бөлмеден шығару кезінде, ең бірінші улануып қалмас үшін өзіндік қауіпсіздендіруді есте сақтаған жөн.

Тұншықтырғыш газымен улануда «ү қайтаратын» негізгі оттегі қызмет атқарады.

Тұншықтырғыш газбен улануда алғашқы көмек:

Зардап шегушіні таза ауаға шығару. Тұншықтырғыш газдың түсуін жою. Белмені желдету (есік терзелерді

ашу) бөлмеден шығу.

Егер зардап шегуші сана-сезімде болса мүмкіндігінше үздіксіз таза ауамен тыныс алдыру және мөсіріп спиртін қысқаша демді ішке жұтқызу, денені сылау. Егер зардап шегуші ессіз күйде болса жасанды дем алдыруды есін жыйғанша немесе жедел жәрдем келгенше жасау.

Тұншықтырғыш газымен уланғандығы жөнінде күдік болған кезде жедел жәрдемге хабарлау.

Біз жоғарыда от жағу маусымы кезіндегі қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын келтірдік. Сондықтан ауданымыздың өрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмеу үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескертіміз келеді.

Табиғи газ тұрмыста. Абай болыңыздар!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалы (өрі қарай – «ҚТГА» АҚ АӨФ) тұрмыста газды қауіпсіз пайдалану бойынша талаптарды сақтау туралы газ тұтынушыларын ескертеді.

Барлық жағдайларда, оқиғалардың себептері болып газ пайдаланушы қондырғыларды пайдалану кезінде тұтынушылардың қауіпсіздік талаптарын бұзуы мен салғырт қарауы табылады:

- газ қондырғылардың құрылымын өзгерту;
- өз бетімен газдандыру, газ қондырғылардың орнын ауыстыру, жөндеу және ауыстыру;
- реттеу және қауіпсіздік автоматикасының болмауы немесе ақаулығы;
- түтіндіктерде тартудың болмауы;
- газдан қадағалайтын сигнализатордың қосусыз болуы.

Тұншықтырғыш газбен улану УГОП-16 жылыту пештерін пайдалану кезінде жиі болады. Өдетте, тұтынушылар пештің жағдайын қадағаламайды, түтіндіктердегі тартымды да тексермейді. Пештердің жарықшақтары арқылы немесе түтіндіктерде тартымды болмауының салдарынан тұрғын үй-жайларға улы газ кіреді. Осыған байланысты АӨФ УГОП-16 жанарғыларымен жылыту пештерін қауіпсіздік автоматикасы бар жылыту қазандықтарына ауыстыруды ұсынады, олар түтін жолдарында тартым болмаған жағдайда газ беруді тоқтатуды қамтамасыз етеді.

Газ қазандықтарын қауіпсіз пайдалану мақсатында газдандырылған үй-жайларда газдылықты бақылау жүйесі қарастырылған, Қазанстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығымен бекітілген, «Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі бойынша Талаптардың» 7-бөлімінің 233-тармағына сәйкес тұтынушылар Газдану сигнализаторларын орнатуға міндетті. Газдану сигнализаторлары С3-1, С3-2 табиғи газ (метан), көміртек оксиді (ІІ) (ұлы газ) концентрациясын бақылауға арналған.

2012 жылғы 9 қаңтардағы №532-ІV «Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңы 19 бабы сәйкес:

- 1-тармақ - газ тұтыну жүйелерінің және газ жабдықтырының иелері (тұтынушылары) олардың тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.
- 3-тармақ - Коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтыну-

шылар тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын беруді жүзеге асыратын газ тарату немесе газ желісі ұйымымен не газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

- 5-тармақ коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдығын оларға техникалық қызмет көрсетуге шарт жасаспай пайдалануға тыйым салынады.

Осыған байланысты газды тұтынушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған, газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын тәуелсіз мамандандырылған ұйыммен газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге шарт жасасауы қажет.

Осы талаптар орындалмаған жағдайда және ҚР «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 17-бабы 9-тармағының негізінде, «газ тарату ұйымы мынадай жағдайларда бұзушылықтар жойылғанға дейін тұтынушыға газ беруді біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы:

- 1) тұтынушының газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік ережелерін бұзуы;
- 2) газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің техникалық ақауы;
- 3) тұтынушының газ жабдығын өз бетімен қосуы;
- 4) газ тасымалдау немесе газ тарату немесе газ желісі ұйымының өкілдерін газ құбырларына, газ жабдығына және есепке алу аспаптарына жібермеу;
- 5) тауарлық немесе сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу шартына сәйкес берілген тауарлық немесе сұйытылған мұнай газына дебиторлық берешек болған жағдайларда жүргізіледі.

«ҚТГА» АҚ АӨФ «Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР Заңының 30-бабы «Газбен жабдықтау жүйелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету»,

- 4 - тармағына сәйкес - Түтін және желдету каналдарының, ғимараттар-

дың, үй-жайлардың инженерлік коммуникацияларының кірмелерін тығыздағыштардың иелері олардың жарамды техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті;

- 6 - тармағына сәйкес, 1.19.6 - тармақ: желдету және түтін арналарын тұрғын үйлердегі табиғи газбен жабдықтау жүйелерін техникалық пайдалану ережелерін мерзімді тексеруден өтуі тиіс;

- жылыту маусымының алдында-маусымдық жұмыс істейтін газ аспаптары мен аппараттарының түтін құбырлары;

- 12 айда кемінде 1 рет - кірпіш, асбестцемент, қыш, ыстыққа төзімді бетонның арнайы блоктарынан жасалған түтін құбырлары, сондай-ақ желдеткіш арналары.

Желдеткіш және түтін шығаратын каналдардың техникалық жай-күйін тексеруді иесінің (тұтынушының) қатысуымен мамандандырылған ұйым жүргізеді.

Түтіндіктерді тексеруді мынадай ұйымдар жүргізеді:

- Ақтөбе ОС ДПО Пожарная к-сі, 31, тел. 40-16-99
- «Асыл-Зат» ЖШС Ибатов к-сі, 55-33, тел. 51-43-40
- «Пож-Сервис» ЖШС 312 атқыштар дивизиясы даңғ., 24, тел. 50-40-73
- «Іскер Маман» ЖШС Қандағаш қаласы, тел. 8-705-590-33-68
- «ҚазНа Газ» ЖШС, Мәртеке ауылы, Әуезов көшесі, 48 тел. 24-70-89
- «Шамшырақ» ЖШС тел. 73-64-72
- «Кублашов» ЖК Шалкар қ. 8 (71335)77-8-35
- «Ари-Дар» ЖШС, Металлургов көшесі, 30. Тел.: 50-75-87
- «НацГазАймақ» ЖШС, Заводская көшесі, Тел.: 71-21-46

Түтіндік және желдеткіш арналарын тексеріп және тазалап, мамандандырылған ұйымның түтіндік және желдеткіш арналарын кезекті тексеру Актісін алғаннан кейін, тұтынушы екінің данасын «ҚазТрансГазАймақ» АҚ АӨФ немесе тұрғылықты жері бойынша аудандық газ шаруашылығына тапсыруы қажет.

Тұтынушыларға тыйым салынады:

- үйге өз бетімен газ кіргізуге, орнын алмастыруға, газ жабдықтырын ауыстыру және жөндеуге;
- қауіпсіздік және реттеу автоматикасын айыруға;
- газ жабдықтыры және автоматика ақауы болған кезде, түтіндік

тартылу болмағанда газды пайдалануға.

- Газды және газ жабдықтырын міндетіне сәйкес емес пайдалануға. Газ плитасын ғимаратты жылыту үшін пайдалануға.

- Газ жабдықтыры орнатылған ғимаратты ұйықтау және демелу үшін пайдалануға.

- газдандырылған пештер мен мұржалардың тығыздығын қалау, сылақ (жарықтар) бұзған жағдайда газды қолдануға.

- Мамандандырылған ұйымдардың түтіндіктер және желдету арналарын мерзімді тексеруге берілген актілерінің әрекет мерзімі аяқталған соң газды пайдалануға

- Үздіксіз жұмысқа саналған және осы үшін арнайы автоматикасы бар жұмыс жасап тұрған газ аспаптарын қалдыруға.

- Газдың шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға.

- Өз іс-әрекеттерін бақылай алмайтын және бұл аспаптарды қолдану ережелерін білмейтін мектепке дейінгі жастағы балаларды газ аспаптарын пайдалануға жіберуге.

- Ғимараттарда және жергіліктілерде бос және толтырылған сығылған газ баллондарын сақтауға.

- Газ пайдалану құралдары орнатылған бөлмеде газдану дабылқаққыштарын сөндіруге.

Тұтынушыларға жігітеті:

Қыс айларында түтіндік бас жағына мұз қатып қалу және бітеліп қалу салдарын болдырмау мақсатында оны жиі тексеріп тұру қажет.

Газ жабдығында ақау болғанда, Сізбен жасалған келісім-Шартқа сәйкес үйішілік газ жабдықтырына техникалық қызмет көрсетуге Аттестаты бар ұйымдарға, сондай-ақ газ шаруашылығының апаттық қызметінің телефондарына жолығуды сұраймыз:

Ойыл ауданы Ойыл п. – тел. 8-(код 71332)-2-15-59; 104 Ойыл селосы Көкжар көшесі №52

Көшелер бойынша, тұрғын үйлердің аландары бойынша өткен кезде бей-жай қалмаңыз және қырағылық жоғалтпаңыз. Газдың иісін анықтаған кезде дереу 104, 50-12-43, 50-45-23 телефондары бойынша қоңырау шалыңыз. АӨФ авариялық – диспетчерлік қызметі теулік бойы жұмыс істейді. Есіңізде болсын, газдың шығуы жарылысқа, өртке және адамдардың өліміне алып келуі мүмкін. Дер кезінде қоңырау шалу өмірін, денсаулығы мен мүлкін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАРДЫҢ ҚАЙРАТТЫ ЖАСТАРҒА АҚЫЛЫ

БІРІНШІ ҚАЗАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІНЕ ОРАЙ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЖЫМЫ «ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК АКЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.



Шара барысында, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Ізғарина Жангүл Бақытжанқызы ауданның түрлі саласында абыройлы қызмет атқарған алтын құрсақ аналарымыз Зәуре Ермекбаева, Нина Кузина, Ырза Таңатарова, Гүлжан Забировна, Шәмшия Аманбаевалардың шаңырағына барып, құттықтап қайтты.

Ағы мен дәмін, құшақ-құшақ гүлі мен ақ тілегін арқалай барған жастарға қарттар да ризашылығын білдірді. Қарт адам таусылмас байлық, сарқылмас бұлақ. Сабақты ине сөтімен келіп, жастар жұмылып мерекеге сай аудандық жастар ресурстық орталығының ұжымы «Тегін Такси» акциясын ұйымдастырды.

Шара барысында, үлкенге құрмет көрсетіліп, қарияларымыз мекен-жайларына жеткізілді. Қарттық адам баласына даналықпен келеді,кейде тек өзі көледі деген бар. Даналықпен осы жасқа келген қарттарымыз иманды,үлкенді сыйлай білетін,кішіге ізет көрсететін жастар бар екеніне разы болып,ақ тілегін жаудырып,жастардың арқасынан қақты. Дуалы ауыз ақсақал, ақ жаулықты өженің батасын алған жастардың мерейі өсіп, көңілдері шат-шадыман болды. Осылайша, қариялардың қастерлеген, құрмет көрсеткен бұл күн жастар үшін керемет өтті.

Нұрсұлтан ЖҰМИН,
Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.



МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ(МӘМС) ЖӨНІНДЕ НЕ БІЛЕМІЗ?

Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі туралы заң 2015жылы қабылданып, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры құрылған болатын.

2017жылдың 1-шілдесінен бастап жұмыс берушілер жұмысшыларының айлық табысының 1%, жеке кәсіпкерлер 2 еселенген ең төменгі жалақының 5% көлемінде қорға аударымдар жасаған болатын.

2018-2019жылдары жарна көлемі жұмысшылар үшін 1,5% болып, өрі қарай да тиісінше жарна төлеу жалғаса береді. Яғни науқастарға тегін қызмет көрсету үшін қажетті қаражат қоры жинақталды.

Азаматтарға медициналық көмек 2 пакет арқылы көрсетіледі:

1 кепілдендірілген *тегін медициналық көмек*. Аймақтық дәрігерге қаралу, зертханалық тексерулер, созылмалы аурулармен есепте тұратын науқастарға берілетін дәрілер, жедел жәрдем және санавиация шақыру шұғыл жағдайдағы стационарлық көмек;

ІІ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру.

Енді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бізге не үшін керек деген ойға тоқталайық. МӘМС жүйесінің негізгі маңыздылықтарының бірі азаматтарды жасына, әлеуметтік жағдайына , қызметіне, табысына т.б. қарамастан бірдей медициналық көмекпен қамтамасыз ету. Әр адам өзінің денсаулығы үшін жауапты. Сондықтан денсаулықты сақтандыру өте маңызды болып табылады.

Тиісті жарнасын төлеп МӘМС жүйесіне қатынасқан азаматтар клиниканы таңдау құқығына ие. Мемлекеттік клиникалар және «Дару», «Қуаныш», «Әйгерім», «Ақниет», т.с.с. ірі жеке клиникалар да сіздерге қызмет көрсетуге өзір. Ол үшін өуелі аймақтық емханадан тексеруден өтіп, жолдама арқылы таңдаған клиникасына порталға кезекке тұрады.

МӘМС жүйесіне қатынасқан азаматтар жоғары технологиялық көмек түрлерін тегін пайдалануға құқы бар.

МӘМСЖүйесінің тағы бір ерекшелігі – егер медициналық қызмет сапасы төмен болса немесе міндетті сақтандыру жүйесіне қатысушының құқығы бұзылған болса, онда МӘМС жүйесі тексеру жүргізіп нақты шарасын алуға немесе айыппұл салуға құқылы.

МӘМС жүйесі арқылы бағасы қымбат зертханалық қызметтер , ішкі секреция безі гормондары мөлшерін, онкомаркерлерді анықтау және бағасы қымбат диагностикалық

қызметтер: компьютерлі томография, магниттік-резонансты томографиялар тегін көрсетіледі.

МӘМС жүйесіне кімдер жарна төлемейді деген ұғымға тоқтала кетсек.

Азаматтардың төмендегі 15 санаты жарна төлеуден босатылады:

1. Балалар;
2. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар;
3. Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер және зейнетақы төлемін алушылар;
4. Жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар;
5. Сот үкімі бойынша қылмысын өтеп қатқандар;
6. Тергеу изоляторында отырғандар;
7. Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер;
8. Жасқа толғанға дейінгі бала тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін азаматтар;
9. Жүктілікке, босануға және жаңа туған баланы асырап алуына байланысты,баласы 3 жасқа толғанға дейін демалыста жүрген азаматтар;
10. Мүгедектер;
11. Мүгедек балаға күтім жасаушы жұмыс істемейтін азаматтар;
12. Жұмыс істемейтін оралмандар;
13. Орта, техникалық, жоғары оқу орнының күндізгі оқу бөлімінде оқытындар ;
14. *Интернатта оқитын және тәрбиеленуші азаматтар*;

15. Бала кезінен ІІ топтағы мүгедекке күтім жасаушы жұмыс жасамайтын адамдар.

Сіз осы 15санатқа кірмейтін болсаңыз, өз статусыңызды анықтауға асығыңыз!

Егер сіз МӘМС жүйесіне кірмеген болсаңыз, жедел жәрдем шақыру, оқыс жағдайларға байланысты көрсетілетін медициналық көмек, созылмалы науқастарға берілетін дәрі-дәрмектер сияқты кепілдендірілген тегін медициналық көмекті ала аласыз!

Естеріңізге сала кетейік 15.09-15.11 уақыты арасында аймақтық медицина мекемесіне тіркелу жүріп жатыр.

Азаматтарға медициналық көмек үшін бөлінетін қаржы тіркелген адамның санына сәйкес бөлінеді. Сондықтан уақыт оздырмай емханаға тіркеліп, өз статусыңызды анықтауға кеңес береміз!!!

Ә. ИБРАШЕВА,
Ойыл аудандық ауруханасының дәрігері.

Ойыл қазақ орта мектебі және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Махаева Жамалға ағасы

Асқардың
қайтыс бол